



25 ақпан, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Ұсыныстар айтылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері Рахым Ошақбаевпен және Қанат Сахарияновпен кездесу өткізді.

«Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Рахым Ошақбаев Президентке өзі басқарып отырған орталықтың жұмысы туралы айтты, сондай-ақ, отандық аналитикалық орталықтарды дамыту жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Бұдан бөлек Мемлекет басшысына жаһандық компаниялармен арадағы ынтымақтастықтың негізінде инвестиция тарту жолдарын, сондай-ақ, ақша-кредит саясатын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар таныстырылды.

Atameken Business телеарнасының бас директоры Қанат Сахарияновпен әңгімелесу барысында қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін нығайту, ақпараттық саясат саласын реттейтін заңнаманы дамыту мәселелері қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің отандық масс-медиаға қолдау көрсете беретініне тоқталып, контент бапасын арттыру және қазақтілді БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін күшейту қажеттігін айтты.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Елшімен кездесті



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Литва Республикасының Қазақстандағы елшісі Гинтаутас Васюлюсмен кездесті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі. Аймақ басшысы алдымен елшіні 11 наурыз – Литваның тәуелсіздігін қалпына келтіру күнімен құттықтап, халқына бейбітшілік тіледі. Мұнан соң екі ел арасындағы сенімді әріптестіктің облыстағы салмағын арттыру мәселесі талқыланды.

– Қазақстан мен Литва ашық және сенімді әріптестер. Екіжақты байланыстар біздің достық қарым-қатынасымыздың дамуына серпін беретініне сенімдімін. Биыл екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнағанына 29 жыл толады. Осы жылдар ішінде біз тарихи көлғасырлық байланыстарды сақтап қана қоймай, тең құқықтық және өзара тиімді әріптестік қарым-қатынастарын жаңаша құруды үйрендік, – деді облыс әкімі.

Кездесуде елші Гинтаутас Васюлюс бұл сапар Қазақстан мен Литва арасындағы байланысты одан әрі нығайтуға бағытталғанын жеткізді.

– Қазақстан мен Литва бүгінде сенімді әріптестік арқасында сауда-саттықты ұлғайтып, экономикалық ынтымақтастық қалыптастырды. Біз мұны жетілдіруге мүдделіміз. Сол үшін екі ел арасындағы тауар айналымын арттырып, Қазақстаннан әлеуетті компанияларымызға серіктес тапқымыз келеді, – деді Гинтаутас Васюлюс.

Облыс әкімі осы жылы 26 млрд теңгеге 105 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланғандығын айтып, бұл ретте Литва Республикасының кәсіпкерлері тарапынан ұсыныстарды қуана қабылдайтындығын жеткізді. Елші өз кезегінде Қазақстанның аграрлық, IT және басқа да салаларды жаңа технологиялармен қамтамасыз етуге бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті екенін білдірді.

«СБ» ақпарат

● ЖОЛСАПАР

ТЕҢІЗБЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАУ

Бірінші күн



Теңіз беткейден оралдық. Басты тақырып – Арал теңізінің бұрынғысы мен бүгінгісі. Иә, балық шаруашылығын бағамдауды мақсат еткен үш күндік жол сапардың жөні бөлек еді. Естілер айтқан ескі тарихты да ұмытпадық. Тартылған теңіздің бүгінгі тіршілігін де тізбектедік. Тым әсірелеу жоқ. Әлгі «балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған» дейтін салыстырмалы теңеуден де бойды алыс ұстаймыз. Не көрдік, не білдік? Айна-қатесіз алдыңызға жайып саламыз, ендеше...

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Биыл Лениннің Арал балықшыларына хат жазғанына 100 жыл. Он төрт вагон балықтың хикаясын ел біледі. Еділ бойындағы ел аштан қырылғанда большевиктердің басшысы алақанын Аралға қарап жайды. Ақиқаты осы. Поволжье мен Ресейдің орталық аудандарында құрғақшылық жайлап, аштық дейтін нәубет басталғанда біздікілердің қарап отырмағаны белгілі.

Тарихта қатталып жазылғаны рас. 1921 жылы аштықтан бұратын халыққа көмек көрсету жөнінде Арал балықшыларына хат жазған Лениннің қолын құр қайтаруға аралдықтар шын қырсылса керек. Өйткені, өздері бірде тоқ, бірде аш отырған жұрт өзгенің халін шын түсінеді. Әрі «өле жегенше бөле жеуді» бұрыннан білетін біздің ұлт қайырлы істе бірінші жүретін еді ғой. Солай етті де. Аралдықтар хатқа жауап ретінде 14 вагон балық жіберді. Казіргі Бөген, Қарашалаң, Қаратөре ауылдары тұсынан тонналар балық ауланды. Оны ат арба немесе түйе шаңамен Қамбаш стансасына тасыды. Үй-жайын ұмы-

тып, өз бала-шағасының аузынан жырған балықшылардың несібесі Ресейге вагон-вагон болып кете берген. Бұл жерде жерлестерге большевиктер партиясының көсемі Лениннің риза болғаны соншалық, тоқарлық станокты сыйға тартқанын да баса айтуымыз керек. Ал ондай станоктың сол заманда өте қат дүние екені рас.

Мұндай музей Орта Азияда да жоқ

Арал қаласына табан тиісімен музейге тарттық. Бірден айтайық, осы балықшыларға арналған музей Қазақстанның өзге аймағында жоқ. Орта Азияда да кездеспейді. Үй XIX ғасырдағы орыс архитектурасы үлгісінде салынған. Дұрысы, 1897 жылы салынған орыс көпесінің үйі деседі. Қазан төңкерісінен кейін бұл бұрынғы Арал балық өндірістік бірлестігінің қарамағында болыпты. Теңізден оралған балықшылардың кеңсесі ретінде де пайдаға жаралты.



Мұражай АРП «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінде



Суреткер түсірген Нұрболан Нұржанов

Ал анығында ол үй әлдеқашан қираған. Біз көрген музей ғимараты Аралдан шыққан бұрынғы балық шаруашылығы министрі Құдайберген Саржановтың еңбегімен тұрғызылыпты. 2012 жылдан бастап қызмет көрсететін мәдени нысанда теңіз жәдігерлері топтастырылған. Бұл еңбектің басы-қасында да Құдайберген ағамыздың жүргенін ел айтпайды.

Музей ішіндегі әр дүние бір-бір тарих. Мұнда 1700-ден аса экспонат бар. Келушілер музейдің «Балықшылар» және «Кемелер» деп аталатын екі бөлігін араласа, тұтастай бір күнді толық арнауға болатын сияқты.

Ғимарат сыртында ат шана, түйе шана, қайықтар, жылым тартуға арналған шығыр, Ленин сыйға тартқан станок, түрлі капитан есімі жазылған кемелер тұр. Ең үлкені «Лев Берг» деп аталатын 25 метрлік кеме. Бұның өзі жағалауда қараусыз қалғанда, музей жанашырлары төрт бөлікке бөліп, осында әкеліпті. Қайта құрастырып, кеме ішін залға айналдырған. Айтпақшы, Лев Берг кім десек, XX ғасырда Арал теңізін зерттеген орыстың географ-ғалымы. Соның негізінде бірнеше еңбек жазған.

Бізді қарсы алған музейдің ғылыми қызметкері Айбек Әуесхан. Аамандық салтынан соң мұндағы әр затқа тәптіштеп түсінік беріп келеді. Аралдың бұрынғы қалпы мен бүгінгі теңіздің көрінісі бейнеленген картаны көрсетіп, украиналық ақын, әу баста Арал топырағына жер аударылған Тарас Шевченконың жүрген жерлеріне шолу жасап үлгерді.

– Мынау балық шаруашы-

лығы бойынша Социалистік Еңбек Ері атанғандар – Төлеген Әлімбетов, Ұштап Өтеулиев, Бақыт Рысқалов. Бізде 16 Еңбек Ері барын білесіздер. Ал мына суреттегі кісі, «көк теңіздің» көк-жаны атанған Нарғали Демеуов, оның қасындағы Дүйшембі Қалабаев. Балықшы аналарымыз да көп болды ғой. Суреттерден байқасаңыздар, озат балықшы атанған батыр ағамыз Құлпаш Бейсенованы да көріп отырсыздар. Ал мұнда бәріңізге белгілі, осы музейді ұйымдастырған, балық шаруашылығының министрі, қазіргі көзі тірі тарихтың бірі – Құдайберген Саржанов, – деді қабырғадағы суреттерді жағалай түсіндірген Айбек Әуесхан.

Балықшыны айта отырып, ақ жаулықты аралдық аналар жайлы да қалам түртеміз. Өйткені, бұрын теңіздің асау толқынында ерлермен бірге бойжеткен қыздар да балық аулады. Оған дәлел жоғарыда келтірген батыр аналармен бірге Марал Кенжалиеваны айтуға болады.

Аралдық бойжеткеннің Ұлы Отан соғысы басталғанда 100 шақты қыз-келіншектің басын қосып, балық аулағанын біреу білсе, біреу білмес. Арнайы кемеге «Аққу» деген ат беріп, өзі капитан болған Марал ағамыз соғыстан кейін де кеме жүргізіп, бейбіт елде еңбек борышын атқарған. Балық аулау науқанында үздіктер тізгінін ешкімге берменгі. Соғыс басталып, қиын заманда азаматтарының жоғын білдірмеген осындай аралдық қыз-келіншектердің теңіз толқынындағы ерлігі әлі күнге дейін ерлермен бірге аталады.

4-бет

● ДАРИЯ ДЕҢГЕЙІ

Кеше облыстық әкімдіктің Ситуациялық орталығында Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов пен Су ресурстары жөніндегі комитет төрағасы Нұрлан Алдамжаровтың қатысуымен су тапшылығы мәселесіне арналған селекторлық мәжіліс өтті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Жеті жылдық құбылыс емес пе?

Алдымен «Арал-Сыр-дария» бассейндік инспекциясының басшысы Сейітбек Нұрымбетов жоғарыдан келіп жатқан су көлемінің аз болу себептерін айтып берді. Қырғыз жеріндегі «Тоқтағұл» су қоймасындағы былтырғы 13,3 млрд текше метр су қазір 2,9 млрд текше метрге аз. Қоймадан төмен қарай секундына 450-500 текше метрдей су тасталып жатыр. Көктем айларында мұнан да бәсеңдейді. Өйткені, қырғыз ағайындар қысқы энергетикалық режим үшін су жинауды бастайды. Есесіне биыл қар аз түсті, жауын-шашын да жылдағыдан 30-40% кем.

Қазіргі күні «Шардар» мен «Көксарайдағы» су көлемі 4,8 млрд текше метр. Инспекция басшысы мәлімдегеніндей, 2021 жылғы су пайдалану лимиті 5,3 млрд текше метр көлемінде бекітілген. Оның 4,2 млрд текше метрі егінге, ал 1,2 млрд текше метрі экологиялық мұқтаждықтарға жұмсалуды тиіс. Ол үшін «Шардарда» 5,2, «Көксарайда» 2 млрд текше метр су жиналуы тиіс.

Мәжілісте С.Қожаниязов «Тоқтағұл» су қоймасына кейінгі жиырма жылда жүргізілген мониторингтік деректерді ортаға салды. Байқағанымыздай, әрбір жетінші жылы, яғни 2008 және 2014 жылы су өте төмен деңгейде жиналғаны анықталып отыр. Биыл да осындай табиғи құбылыс қайталанып тұр бар. Демек, сақтық керек.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаевтың айтуынша, биыл барлық егіннің көлемі 188,2 мың гектар болса, әртарапандыру бағытында 96,6 мың гектарға дәнді, 6,7 мың гектарға майлы, 66,4 мың гектарға малазығындық дақылдар, 18,4 мың гектарға картоп, бақша егіледі. Күріштің көлемі 84,4 мың гектар болып бекітілген. Қазіргі күні егінге қажетті тұқым, минералдық тыңайтқыштар мен гербицид дайындау, техника жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«ҚазСуШар» РМК облыстық филиал директоры Хамит Бейімбетов хабарлағанындай, Су шаруашылығы нысанда-

рын пайдалану Ережесіне сәйкес «Қызылорда», «Қазалы», «Ақлақ» су тораптарының барлық қақпақтары ашық және транзиттік режимде. «Әйтеке» су торабындағы жөндеу жұмыстарына сәйкес «Қараөзек» арнасына 150 текше метрге дейін су тасталатын болады.

Вице-министр осы орайда аудандар бойынша бірқатар проблемаларға назар аударды. Жаңақорған ауданында «Келінтөбе» каналына су көтеру үшін тоспа жасау қажет. Сырдария ауданында «Әйтектегі» жөндеуге байланысты суды ескі арнамен жіберуге мәжбүр. Ондағы дамбыны бекіту керек. Қармақшыдағы Алдашбай ахун елді мекеніндегі 250 гектар күріш алқабына су жеткізу қиындық тағы бар. Қазалы ауданында теміржол саласында жұмыс істеп келген адамдардың басым бөлігі қысқартуға іліккендіктен, олардың бау-бақша, көкөніс егуге айналысуы үшін де дария суы қажет. Сондай-ақ осы ауданда ескірген қашырықтарды жөндеу күн тәртібінде тұр. Ал Арал ауданы үшін Қамбашқа су жеткізу проблемасы өзектілігін жойған жоқ. Балық шаруашылығын дамыту басымдық алған тұста мұның бәрі өте маңызды саналады.

Мәжілісте тиісті сала басшылары мен мамандар ойларын ортаға салды.

С.Қожаниязов еліміз бойынша бірқатар көрсеткіштерді де атап өтті. Суармалы жерлердің басым бөлігі оңтүстік облыстарға тиесілі. Бір тәуірі өзге облыстармен салыстырғанда су шығынын ең аз жасайтын Сыр елі екен. Көп ысырапқа Жамбыл облысы жол беретін көрінеді. Оларда 36% болса, бізде 13%. Сонымен бірге пайдаланған су үшін төлемді уақытылы жасайтын Қызылорда облысы. Дегенде, айтылған болжамдар ендігі жерде су азаймаса көбеймейтінін байқатады. Халық саны өсіп келеді. Осыған орай, Су кодексіне өзгерістер енгізу жоспарланған. Ал оны бұзғандарға қатаң сұраныс бар.

Вице-министр мәжілістен кейін «Әйтеке» су тоспасындағы және оған жақын маңда жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысатынын жеткізді. Көтерілген мәселелерді шешу жолдары мұқият қарастырылатын болады.

«СБ» ақпарат



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ТАЛҚЫЛАУДА – ТОЛҒАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі қаржыгер Қамбар Әжібеков пен қоғам белсендісі, ардагер-журналист Айтқұл Шалғынбаевамен кездесті. Қамбар Әжібеков кездесу барысында аймақ басшысына ауыл тұрғындарының жағдайын көтеру, қаржыландыру, тұтыну тауарларын өндіру, салық саласының мәселелерін жетілдіру, мамандарды қолдауға қатысты ұсыныстарын білдірді.

– Тұрғындарды жұмыспен қамту, тұтыну тауарларын өндіру мақсатында аса көп қаржы керек етпейтін, қалтарыста қалып жүрген, бірақ, қол-



дан келетін резервтер туралы айтқым келеді. Қазір облыстағы 300-ден аса мектептің басым көпшілігінде тігін шеберханаларында іс машиналары бар. Алайда, оларды тиімді қолданбайды. Балабақшаға, ауруханаға, жалпы тұтынушыға арналған жатын бұйымдарын, оқушы формасын тігуді ұйымдастырса, техникалық колледждердің мүмкіндіктерін барынша пайдаланса, 500-ге тарта маусымдық жұмыс орны ашылар еді, – деді Қамбар Әжібеков. Өңір басшысы қаржыгердің осы және басқа да ұсыныстарын тыңдай отырып, тұрғындарды жұмыспен қамту, тұтыну тауарларын өндіруге қатысты ойларын зерттейтін және тиісті сала мамандарына зерделеуге тапсырма беретінін жеткізді.

Ал, қоғам белсендісі, ардагер-журналист Айтқұл Шалғынбаева өзінің 20



жылдан бері су шаруашылығы саласы төңірегінде келелі мәселелер көтеріп жүргенін, оның ішінде Арал проблема-сы, САРАТС жобасының екінші кезеңі, трансшекаралық су мәселелері туралы алаңдаушылығын айтты.

Облыс әкімі ардагер-журналистке ел тағдырына қатысты маңызды мәселелерді көтеріп, билікке жеткізіп жүргеніне ризашылығын білдірді. Солтүстік Арал теңізінің аумағын ұлғайту компоненті «Өңірлік дамуы және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасы аясында іске асырылатынын, Дүниежүзілік Банк тарапынан жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеуге қаржы бөлініп отырғанын, әзірлеу барысында бірнеше нұсқасы бойынша түпкілікті шешім қабылданатынын жеткізді.

● БАСТАМА

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстық департаменті облыс әкімдігімен бірлесіп отырып, «Басшылар байланыста» жобасын бастады.

«Басшылар байланыста»

Жоба аясында мемлекеттік қызметтерді көрсетуші мекеме басшыларының тұрғындарға қызмет көрсету күндері ұйымдастырылып, жеке қабылдаулар өтеді. «Басшылар байланыста» жобасының алғашқы «Қызмет көрсету күні» шарасы департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Рафхат Бисеновтің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловтың және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыстық филиалының директоры Айдын Қайруллаевтың қатысуымен өткізілді.

Халыққа қызмет көрсету орталығында өткен шара барысында тұрғындардың басым бөлігі денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелермен жүгінді. Сонымен қатар, азаматтар мемлекеттік қызметтердің қызметтердің сапасы мен мерзімдері туралы сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Департамент басшысы Рафхат Бисенов пен денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов осындай қабылдауларды алдағы уақытта медициналық ұйымдарда өткізуге уағдаласты. «Басшылар байланыста» жобасы шеңберінде жыл көлемінде 20 мекеме басшысының қатысуымен «Қызмет көрсету күні» шарасы ұйымдастырылады.



● АЛҚА МӘЖІЛІСІ

САЛА ЖҰМЫСЫ САРАЛАНДЫ

Кеше облыстық денсаулық сақтау басқармасының алқа мәжілісі өтті. Аймақтың медицина мекемелерінің басшылары бас қосқан жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет арнайы қатысты. Былтырғы көрсеткіш, алдағы міндет сараланды.

Жылғандар пандемиямен күресте қайтыс болған әріптестерін, яғни, медицина қызметкерлерін бір минут үнсіздікпен еске алды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

– Өздеріңізге белгілі өткен жыл коронавирустық пандемия әкелген өзгерістермен ерекшеленді, – деді басқарма басшысы С. Пазылов мәжілістегі алғашқы сөзде. – 16 наурыздан бастап елде Мемлекет басшысының Жарлығымен төтенше жағдай жарияланды. Өңірімізде бірінші науқас 28 наурызда тіркелді. Сонан бастап медицина қызметкерлері аянбай еңбек етіп, індетпен күресіп келеді. Күрделі кезеңде жан-жақтан қолдау көрсетілді. Мәселен, өкілдіктер өз автокөліктерін пайдалануға берді, қала бойынша 47 кәсіпкер қаржылай көмек берді. «Арал тұз» компаниясы 50 млн теңге қаржылай көмек көрсетті. Оған 2 санитарлық автокөлік және 200 төсек жабдықтары сатып алынды. Онан бөлек, рентген аппараттары, басқа да құрал-жабдықтар алынды. Екі оттегі станциясы да демеушілер көмегімен салынды.

Басқарма басшысының айтуынша, індет басталған уақытта 700 төсек-орын болса, кейіннен 2405-ке дейін көбейтілген. Қауіпті кеселмен күреске облыстық фтизиопульмонология, тері-венерология диспансері, темір жол ауруханасы және облыстық психикалық денсаулық орталығы жұмылдырылды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің №5 жатақханасы провизорлық стационар ретінде қолдануға берілді. Індетпен күреске осы күнге дейін 17 мың адам жұмылдырылды. 790 адамның ішінде індет жұқтырған 526 қызметкерге өтемақы төленген.

– Осындай қиындықтарға қарамай жұмыс жүріп жатты. 2020–2021 жылдарға арналған ҚР Денсаулық сақтауы дамуының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында облыстағы медицина мекемелерінің материалдық-техникалық



базасын жетілдіруге аса мән берілуде. Даму жоспары бекітілді. Жоспар аясында жалпы құны 73,5 млрд теңгеге құрайтын 118 нысан салу көзделіп отыр. Оның 59-ы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асырылмақ, – деді басқарма басшысы ендігі сөзінде.

Онан әрі «Денсаулық сақтауы дамуының мемлекеттік бағдарламасы» аясында облыстық медицина ұйымдарының Меморандумдағы мақсатты индикаторлық көрсеткіштерге қол

жеткізуінің жыл қорытындысы туралы басқарманың бөлім басшысы Әсел Кыдырәлиева хабарлама жасады.

Оның айтуынша, бүгінде облыстағы БМСК ұйымдарына 794 935 адам тіркелген. Облыстық статистика департаментінің мәліметі бойынша 814 461 адам.

2020 жылы аймақта 109 маман тартылып, олардың 36%-і (39 дәрігер) елді мекендерге жолданды. Осының нәтижесінде бүгінгі күні облыс халқына 2423 дәрігер, 9528 орта буын маман

медициналық қызмет көрсетеді. Дипломнан кейінгі резидентурада 61 маман, бакалавриат бойынша 100 маман даярлануда. Алғаш рет облыс әкімінің бастауымен, жергілікті бюджет есебінен 29 жас маманға мөлшері 500 АЕК көлемінде жалпы сомасы 54,2 млн теңге (әр маманға 1 389,0 мың) біржолғы көмек көрсетілді.

Жедел медициналық жәрдем көрсету 113 санитарлық автокөлікпен, оның ішінде 79 бригадамен қамтамасыз етіледі. Былтыр қараша айында облысқа 40 санитарлық автокөлік алынды. Жедел жәрдем автокөліктерінің құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі 100%.

Ана мен балаға көрсетілген медициналық көмек туралы басқарма басшысының орынбасары Анар Шүкірова баяндады.

Облыстың демографиялық ахуалында оң көрсеткіш бар. Былтыр 21429 нәресте дүниеге келген.

Алқа мәжілісінде облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет пандемия кезінде ерекше табандылық танытқан медицина қызметкерлеріне алғыс айтты.

– Халық денсаулығы – мемлекеттің басты байлығы. Өткен 2020 жыл еліміз үшін өте күрделі болды. Сыр халқы қай кезде де қиындыққа мойынған емес. Бұл жолы да біз табандылығымызды танытып, бір-бірімізге қолдау

білдірдік. Бүгінде Қызылорда облысы «жасыл аймаққа» тұрақтап, эпидемиологиялық күрделі жағдайдың алдын алуға дайын.

Облыста аудандық орталық ауруханалар салу мәселесін толығымен шештік. Енді алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін 62 нысанды 2024 жылға дейін жанартуды жоспарлап отырмыз. Президент тапсырмасына сәйкес былтыр індетпен тікелей күрескен 3 мыңнан аса медицина қызметкеріне 3 млрд теңге көлемінде үстемеақы төленді. Аянбай еңбек етіп, Мемлекет басшысы «бейбіт күннің батырларына» балаған медицина қызметкерлері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Арнайы Президент Жарлығымен енгізілген «Халық алғысы» медалімен марапатталған 107 жерлесіміздің 35-ін немесе 32,8%-ін медицина қызметкерлері құрады.

Былт Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулысымен Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Аталған жоспардың жүзеге асырылуына баршамаыз белсенді атсалысуымыз қажет. Ел игілігі жолындағы еңбектеріңізді нәтижелі болсын, – деп атап өтті Серік Әбдіжәліұлы.

Көлік саласы – ел экономикасының маңызды секторларының бірі. Жолаушы мен жүк тасымалдайтын көлік құралдары адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қауіпті объекті. Аймақта автомобиль, теміржол және су көліктері қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясы қызмет атқарады.

Осы құрылым басшысы Нәжмадин Шамұратовпен әңгіме барысында көлік бақылау жұмыстары жөнінде біраз мағлұматқа қанықтық.

КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ: қауіпсіздік талабы күшейіп келеді

– Нәжмадин Шакиздаулы, инспекцияның көлік бақылау саласындағы жұмысына тоқталып кетсек... –

Инспекцияның негізгі міндеттерінің бірі – жол желісінің сақталуына, жолаушылар, қауіпті жүк тасымалына, отандық және шетелдік тасымалдаушылардың рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуына бақылау-қадағалау жұмыстарын жүргізу. Сонымен бірге техникалық қарап-тексеру операторларының көлік құралдарын міндетті техникалық тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Заң бұзушылықтың ауқымды бөлігі жүк тасымалдау талаптарының орындалмауымен байланысты. Оның ішінде ірі көлемді және ауыр салмақты жүкті арнайы рұқсатсыз, құжатсыз тасымалдау қауіпті жүкті тасымалдау кезінде еңбек пен тынығу режимін, жолаушыларды тасымалдау талаптарын сақтамау.

Көлік саласындағы көрсеткіштерге келсек, былтыр атқарылған жұмыстар нәтижесінде 1609 құқық бұзушылық анықталып 51,5 млн теңге айыппұл салынды, 45,6 млн теңге республикалық бюджетке өндірілді, бюджетке өндірілген алым сомасы 108,1 млн теңгені құрады.

Жол желісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін көлік прокуроры, жергілікті атқарушы органдар, жергілікті полиция қызметі, «ҚазАвтоЖол» АҚ өкілдерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен «Жолда қабылдау» акциясы өткізіліп, Шиели, Жаңақорған аудандарында тасымалдаушылар, жер қойнауын пайдаланушыларға ауыр салмақты жүкті тасымалдау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Автомобиль көлігі туралы» заңға бөлінбейтін жүк ұғымы енгізілген. Осы өзгерістерге сәйкес бөлінбейтін жүктерді

немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктерді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, көрсеткіш салмақтық және габариттік параметрлерден асқан жағдайда республика аумағынан өтуге жол берілмейді. Алайда, қиыршық тас, құм тасымалдайтынның заң талаптарын сақтамауы жиі орын алууда. Осыған байланысты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департамент өкілдерімен бірлесіп «Сапалы жол – адалдық алаңы» жобасы аясында өткен маусым-тамыз айларында бірлескен рейд жүргізілді.

– Қазір өзекті мәселелердің бірі – жолаушыларды заңсыз тасымалдау, бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылууда?

– Бұл бағыттағы бақылау-қадағалау жұмыстарын атқару міндеті инспекцияның құзыретіне 2019 жылдың 4 мамырынан қайта жүктелді. Сол кезден бастап инспекция мамандары жолаушылар тасымалын реттейтін заңнама талаптарын тұрғындарға түсіндіруді бастады. Заңсыз тасымалдаушылар көп шоғырланған аумақтарда жергілікті атқарушы органдар, жергілікті полиция қызметі басқармасы, кірістер басқармасы өкілдері бірлесіп, түсіндіру жұмыстарын атқарды. Жалағаш, Тереңөзек, Қазалы, Шиели, Жаңақорған аудандарында әкімдіктермен бірлесіп, көлік заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында көшпелі кеңестер өткізілді. Такси қызметімен айналысу үшін тасымалдаушылар бірқатар талаптарды орындауы керек. Атап айтқанда, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға бола тұра жергілікті атқарушы органға такси тасымалдаушысы ретінде жұмыс бастау туралы хабарлама жолдайды. Рейс алдында автокөлік техникалық тексеруден, такси жүргізушілер медициналық тексеруден өтіп тұруы тиіс. Сонымен

бірге жарты жыл сайын автокөлікті техникалық байқаудан өткізу, ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөніндегі шарттық болуын қамтамасыз ету, автокөлік құралын таксометрмен жабдықтау секілді талаптарды орындауы қажет. Алайда, бұл талаптарды тасымалдаушылар орындамайды.

Мысалы, пандемия кезінде адам өміріне қауіп төндірмеу үшін қалааралық, облысшілдік тасымалға шектеу енгізілді. Шектеуге қарамастан заңнама талаптарын өрескел бұзған деректер болды. Атап айтқанда, тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыруға құқық беретін лицензияның болмауы, рейс алдында техникалық және медициналық байқаудан өтпеу, еңбек және тынығу режимін сақтамау, шетел автокөліктерімен жолаушылар тасымалдау.

– Көктемде жүк тасымалдайтын автокөлік құралдарының қозғалысына шектеу енгізілуі бойынша не айтасыз?

– Автомобиль жолдары желісін сақтауға бағытталған шаралардың бірі – халықаралық және республикалық маңызы бар жолдарда жеке билікке түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына көктемгі кезеңде шектеу енгізу. Шектеу Көлік және коммуникация министрі бұйрығымен енгізілген. Облыста көктемгі шектеу 1 наурыздан бастап 1 сәуірге дейін енгізіледі. Осы мерзімде біліктік жүктемелерінің жалпы массасынан 20%-ке төмендету арқылы тасымалдау жүзеге асырылады. Жалпы пайдаланудағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарынан өтетін ауыр салмақты автокөлік құралдарымен жүк тасымалдау шектеулер есебімен арнайы рұқсат алу арқылы жүзеге асырылады.

Министрілік бұйрығына сәйкес шектеулер таратылмайтын тасымалдар



және тежеуіш стендінің роликтерінде тұрған автомобильдің алдыңғы осын бір уақытта шолуын қамтамасыз етпеу деректері орын алған.

Осыған байланысты, былтыр 10 бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізілді, тексеру нәтижесі бойынша тәртіп түсіндіріле отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табысталды. Заңнама талаптарын өрескел бұзған 4 техникалық қарап-тексеру операторының жұмысын инспекция ұсынысы негізінде «НИТ» АҚ уақытша тоқтатқан.

– Теміржол мен су көліктерінің бақылауға қатысты айтып өтсек... –

Теміржол көлігі саласы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және станциялық, магистральдық, кірме жолдарды, сондай-ақ жылжымалы құрамды, техникалық құралдарды, теміржол өткелдерін күтіп-ұстау, жолаушылар және жүк тасымалдауды бақылау-тексеру міндетімізге кіреді. Теміржол көлігі саласында қызмет көрсететін шаруашылық субъектілерінде жүргізілген тексеру іс-шараларының қорытындысы бойынша заңнаманы және күтіп ұстау ережелерін сақтамауына байланысты 4 кірме жол, 11 бағыттамалы бұрма, 8 станциялық жолдың, 3 магистральдық жолда аралықтың, 4 теміржол жылжымалы құрамның пайдалануы уақытша тоқтатылған.

Жыл қорытындысы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы «ҚТЖ-жүк тасымалы» ҰК» АҚ «ЖТ-Қызылорда бөлімшесі» филиалының инспекцияға ұсынған ақпараттары бойынша 38 дерек тіркеліп, оның ішінде 30 инцидент және 8 кірме жолда жылжымалы құрамдардың рельстен шығып кету оқиғалары болған. Бұлар бойынша тармақ иеленушілер заң талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 492071 теңге айыппұл салынып, толық өндірілген. Ал жалпы темір жол көлігінде атқарылған жұмыс нәтижесінде өткен жылы 97 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 2,5 млн теңге көлемінде айыппұл төледі.

Инспекцияның су көлігі саласындағы негізгі міндеттерінің бірі – кемелі қауіпсіз пайдалануына бақылау жүргізу. Сыр өңірінде 200-ге жуық көлдер мен каналдар, Сырдария өзені мен 18 ұшаскенде тұратын Кіші Арал теңізі орналасқан. Осы су айдындарында пайдаланылатын шағын көлемді кемелерге бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Өткен жылы карантин кезеңінде бақылау жүргізуге мүмкіндік болмағандықтан, су көлігінде 5 оқиға орын алып, (2019 жылы – 0) нәтижесінде 6 адам суға кетіп қайтыс болған. Бұл оқиғалар кеме жүргізушілерінің салғырттығы, шағын көлемді кемелерді қауіпсіз пайдалануға немқұрайлы қарағандығының салдарынан. Өткен қазан-қараша айларында Кіші Арал теңізіндегі балық аулау маусымына

да су көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Көлік комитеті «Қазбот-53» арнайы су көлігімен рейдтік іс-шара жүргізді. Кіші Арал теңізінің жағасында шағын көлемді кеме иелері мен кеме жүргізушілерінің қатысуымен мәжіліс өткізіліп, су көлігін пайдалану ережелері түсіндірілді. Сондай-ақ, рейд барысында шағын көлемді кемелерді пайдалану кезінде анықталған заң бұзушылықтар бойынша 43 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жыл басынан бері 418 шағын көлемді кеме тексерілді, қарау барысында анықталған кемшіліктер бойынша 52 жеке тұлғаға әкімшілік шара қолданылды. Быыл навигация кезеңінде су көлігіндегі бақылау жұмыстарын күшейтеу үшін инспекция қызмрлық мемлекеттік мекемелер, табиғат қорғау және облыс прокуратура-сымен бірлескен жұмыстар жүргізуді жоспарлады.

Инспекция міндетінің бірі – автомобиль, теміржол және су көлігі саласында мемлекеттік қызмет көрсету. Инспекция барлығы 17 мемлекеттік қызмет түрін тұтынушыларға ұсынады. Барлық мемлекеттік қызмет электронды түрде. Былтырғы жыл қорытындысы бойынша барлығы 1552 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, 419 өтініш қараусыз қайтарылды. Қайтару себептері – құжаттар топтамасы толық болмауы, өтініштердің дұрыс рәсімделмеуі.

Инспекция ғимаратында мемлекеттік қызмет алушыларға тиімді жағдай жасау үшін www.egov.kz өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы қарастырылған. Жұмыс инспекция басшылығының назарында. Мемлекеттік қызметтердің уақытлы, сапалы ұсынылуына бақылау жүргізу үшін комиссия құрылған. Комиссия мүшелері «ИИС ЦОН АРМ МОНИТОРИНГ» арқылы үнемі талдау жүргізуде.

Ұжымда Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу бойынша да бірқатар шаралар атқарылууда. Үнемі жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша зерделеу жұмыстары жүргізіледі. Басшының бұйрығымен ішкі бақылау комиссиясы құрылып, жылжымалы көлікті бақылау бекеті мамандарының қызметіне ішкі бақылау жүргізіледі. Бақылау нәтижелері бойынша бекет мамандарының жұмыстарына анықталған кемшіліктер талқыланып, тиісті тәртіптік шаралар көрілуде.

Сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінде «Көлік коммуникация кешеніндегі қоғамдық бақылау» бұрышы ашылды. Әр атамның сәрсенбісі күні инспекция мамандары азаматтарды қабылдайды. Өткен жылы заңнама бұзу дерегі тіркелген жоқ.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Ыдырыз ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ЖОБА

Қызылорда қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 3 ақпандағы қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қызылорда қаласының келесі құрамдас бөліктері:
- 1) «Ақтөбе-1» көшесі – «Әбсаттар Жұмадуллаев» есімімен;
- 2) «Ақтөбе-3» көшесі – «Нұрмағанбет Әбдреев» есімімен;
- 3) «Болашақ» көшесі – «Өтетілеу би» есімімен;
- 4) «Елизавета Чайкина» көшесі – «Асан Қоразбаев» есімімен;
- 5) «Каспий» көшесі – «Қаһарман Бабағұлов» есімімен;
- 6) «Қаратогай» көшесі – «Берке хан» есімімен;
- 7) «Мұнайшы» көшесі – «Батыр хан Қайыпұлы» есімімен;
- 8) «Саяхат-1» көшесі – «Иманғали Сейтов» есімімен;
- 9) «Саяхат-5» көшесі – «Базарбек Қашқынбаев» есімімен;
- 10) «Саяхат-6» көшесі – «Әбдікәрім Тәжмағамбетов» есімімен;
- 11) «Саяхат-8» көшесі – «Шәріпбай Әлнәзаров» есімімен;
- 12) «Саяхат-9» көшесі – «Бибажар Қалымбетова» есімімен;
- 13) «Саяхат-18» көшесі – «Меңей батыр» есімімен;
- 14) «Саяхат-20» көшесі – «Оспан Оразов» есімімен;
- 15) «Саяхат-21» көшесі – «Хамит Әбенов» есімімен;
- 16) «Саяхат-22» көшесі – «Серік Шотқы» есімімен;
- 17) «Саяхат-24» көшесі – «Мәмбет Аталық» есімімен;
- 18) «Саяхат-25» көшесі – «Тәтімбет Бұлғақұлы» есімімен;
- 19) «Саяхат-38» көшесі – «Арыстанбай батыр» есімімен;
- 20) «Сәулет-5» көшесі – «Әбжан Айсәуітов» есімімен;
- 21) «Сәулет-6» көшесі – «Ұзақбай Құлымбетов» есімімен;
- 22) «Сәулет-7» көшесі – «Серғазы Опалқожаев» есімімен;
- 23) «Сәулет-12» көшесі – «Жеңіс Өтемісов» есімімен;
- 24) «Сәулет-14» көшесі – «Бекдулла Есенов» есімімен;
- 25) «Сәулет-19» көшесі – «Өтежан Жақсыбаев» есімімен;
- 26) «Сәулет-28» көшесі – «Фарит Фаткуллыдинов» есімімен;
- 27) «Сәулет-30» көшесі – «Сахитжан Бермағамбетов» есімімен;
- 28) «Сәулет-31» көшесі – «Бекен Мұсаев» есімімен;
- 29) «Әбу Насыр әл-Фараби-13» көшесі – «Төлепбергелен Тобағабұл» есімімен;
- 30) «Тараз» көшесі – «Әбдуали Спанов» есімімен;
- 31) «Тарас Шевченко» көшесі – «Ұрмаш Түктібаев» есімімен;
- 32) «Шымкент» көшесі – «Орынбасар Бәйімбетов» есімімен;
- 33) «Шиели» көшесі – «Бақыт Мыханов» есімімен;
- 34) «Иван Панфилов» тұйық көшесі – «Сақпыл Оңғарбайұлы» есімімен;

- 35) «Қызылжар» тұйық көшесі – «Дамеш Жүргенова» есімімен;
- 36) «Сыр сұлуы-1» тұйық көшесі – «Шайтұрсын Әбдібаев» есімімен;
- 37) «Сыр сұлуы» тұйық көшесі – «Омар Тойымбетов» есімімен;
- 38) «Сұлтанмахмұт Торайғыров-2» тұйық көшесі – «Сәмет Балғожаев» есімімен;
- 39) «Шымбай» тұйық көшесі – «Адам Мекебаев» есімімен;
- 40) «Санжар Асфендияров» тұйық көшесі – «Жақып Қылауыз» есімімен;
- 41) «Саяхат-11» көшесі – «Қазақ радиосы» көшесі болып қайта аталсын.

2. Қызылорда қаласындағы келесі атауы жоқ құрамдас бөліктерге мынадай атаулар:
- 1) сол жағалаудағы жаңа көпірден бастау алатын атауы жоқ даңғылға – «Абылай хан» есімі;
- 2) сол жағалаудағы «Қызылорда қаласының тарихы» музейі орналасқан атауы жоқ көшеге – «Ғафур Мұхамеджанов» есімі;
- 3) «Бәйтерек» шағын ауданындағы атауы жоқ көшеге – «Піріәлі би» есімі;
- 4) «Бәйтерек» шағын ауданына параллель жатқан атауы жоқ трассаға – «Сыздық Кеңесарыұлы» есімі;
- 5) «Саяхат» шағын ауданы мен Белкөл кенті аралығындағы атауы жоқ трассаға – «Келменбет Батыр» есімі берілсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Г. Әбдіқалықова
Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасы	
Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы	Н. Байқадамов

Механикалық жүйе тиімділігі

Қызылорда қаласында электрондық газ есептегіш құрылғысы механикалық жүйеге ауыстырылуда. Бүгінде 14 мыңнан астам тұтынушы электрондық газ есептегішпен «көгілдір отын» пайдаланып отыр.

– Электрондық газ есептегіш құрылғысын механикалық жүйеге өткізу үшін бізге 104 немесе Call-орталық 877100121211 телефоны арқылы хабарласу керек. Сонымен қатар otdaktga@mail.ru электрондық поштасына жазбаша өтінім жолдауға болады. Ақысыз өткізіп береміз. Электрондық газ есептегішті ұзақ уақыт пайдаланғандықтан батареясы тозып,

есептегіш істен шығуда. Осы олқылықтың алдын алу мақсатында тұрғындарға механикалық жүйеге көшуге кеңес береміз, – деді «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы өтім және газ режимі қызметінің басшысы Жолдас Әбенов.

Механикалық жүйенің тағы бір артықшылығы kspri.kz, homebank.kz ұялы қосымшалары және [qiwi](https://qiwi.kz), [kassa24](https://kassa24.kz) терминалдары арқылы төлем жасауға болады.

«СБ» ақпарат

Сапалы тауарды ауыстыру жолдары

Сатушы мен сатып алушы арасындағы қарым-қатынас дау-дамайға толы. Сатып алушылар мен сатушылар арасында әлі күнге дейін тауарды қайтару мен айырбастау мәселесі өзекті болып отыр. Тұтынушының құқығын түрлі жағдайда жан-жақты қорғауға бағытталған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы әрекет еткенімен, сатушылар түрлі сылтауларды алға тартып, сатылған тауарды айырбастауға немесе ақшасын қайтаруға асықпайды. Шындығында сатып алушының нақты қандай құқықтары бар?

Көптеген сауда нүктелері «Тауар айырбастауға және қайтаруға жатпайды» деген ескертпе жазуды пайдаланады. Сатушылардың тауарды айырбастаудан немесе оның ақшасын қайтарудан бас тартуы заңды әрекет пе? Сөзсіз, жоқ. Тауардың дүкенде немесе базарда сатып алынғандығына қарамастан тұтынушылар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңымен берік қорғалғандығын естен шығармауы керек. Осы заңның негізінде сатушы сапалы немесе сапасыз тауарды айырбастауға

болмаса ақшасын қайтаруға міндетті (Заңның 24-бабы, 5-тармақшасы).

Тұтынушылардың құқығы көп жағдайда тауарды айырбастау немесе қайтару кезінде бұзылып жатады, әсіресе сапасыз тауардан гөрі сапалы тауарды айырбастау мен қайтару қиына соғады. Заңның 30-бабы 1-тармақшаларына сәйкес, сатып алушы сатып алынған азық-түлік емес сапалы тауарды көңілінен шықпайтын себептерге немесе қасиеттеріне байланысты осыған ұқсас басқа өлшемді, қалыпты, көлемді, пішінді, түсті тауарға 14 күнтізбелік күн ішінде айырбастауға құқылы. Егер егер келісім бойынша бұдан ұзақ мерзім көрсетілмеген жағдайда. Егер тауар (мысалы киім немесе аяқкиім) айырбастау кезінде сатылымда жоқ болып шықса, тұтынушы ондағы тауарлар ішіннен сол қаржының көлеміндегі өзге тауарды алуға немесе ақшасын қайтарып алуға құқылы. Айырбастау мен қайтарудың бұлжылмас заңы – сатылған тауар пайдаланылмауы тиіс, сыртқы түр әлпеті, тұтынуға жарамды қасиеттері, пломбасы, фабрикалық заңтаңбасы сақталуы шарт, тауарды сол са-

Ұлттық Банк филиалдарында 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1 000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталуы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **2021 жылы 3 наурызда** 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1 000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталатынын еске салады.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 1 000 теңгелік банкноттарды айырбастау **2017 жылдың 2 наурызында** басталды, енді ол **2021 жылдың 3 наурызына дейін** жалғасады. Көрсетілген мерзімнен кейін Ұлттық Банктің филиалдары аталған банкноттарды **қабылдау мен айырбастауды тоқтатады**.



Банкноттарды қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастау **тек қана Ұлттық Банктің филиалдарында жүзеге асырылады**. Филиалдардың мекен-жайы мен байланыс телефондары Ұлттық Банктің сайтында көрсетілген.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, Ұлттық Банктің 1477 нөмірі бойынша Байланыс-орталығына хабарласуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады: 8 (7242) 55-15-25 (ішкі – 3122, 3123) және де мына мекен-жай бойынша: Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі 30. e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету, ол әкімшілік кедерілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялары тарапынан көрсетілетін қызмет түрлері – экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру, жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне,

сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру.

Бұл мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарты ҚР АШМ-нің 21.05.2015 жылғы №7-1/453 санды бұйрығымен реттеледі. Жоғарыда аталған көрсетілетін қызметтер бойынша сұрақтар туындаса немесе шағым болса ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының 8(7242) 20-15-86 телефон нөміріне хабарласуға болады.

ҚР АШМ ВБЖҚК-ның Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 18 маусымдағы №148 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020жылғы11қыркүйектегі №216 бұйрығына сәйкес Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы төмендегі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1. Арнайы су пайдалануға рұқсат құжатын рәсімдеу ҚР Су кодексінің 66-бабының 1-тармағында аталған құрылыстарды немесе техникалық құрылыстарды қолдана отырып, жер үсті суларын тарту және (немесе) пайдалану; ҚР Су кодексінің 66-баптың 1-тармағында көрсетілген құрылыс жайларды немесе техникалық құрылыстарды қолдана отырып, жерасты суларын тарту және (немесе) пайдалану; пайдалау қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру кезеңінде;

Назарларыңызға! Жолдарға уақытша шектеулер қойылды

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрілігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы №162 бұйрығына сәйкес, көктемгі кезеңде жол төсемі бөлігінің бузылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланылудағы республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының 1240-2057 шақырымы аралығына және А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автожолының 12-216 шақырымы аралығына 2021 жылдың 1 наурызы мен 1 сәуірі аралығында уақытша әрбір осыке түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына уақытша шектеу енгізіледі.

Халықаралық жүк тасымалына, зардап шеккен адамдарға гуманнырлық көмек көрсететін, азық-түлік тасымалдайтын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға және алдын алу жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыратын автомобильдерге шектеулер қойылмайды.

«Қазақавтожол» ЖШС, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда облыстық филиалдары

01.01.2021 ж. жағдайы бойынша Қызылорда облысының қаржы нарығының жағдайы туралы

Тұтыну бағаларының индексі

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ақпаратына сәйкес 2020 жылдың желтоқсан айында республика бойынша инфляция 0,9%-ды (аймақ бойынша – 0,8%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 1,5%-ға (аймақ бойынша – 1,4%), азық-түлік емес тауарларға – 0,5%-ға (аймақ бойынша – 0,6%) өсті, ал ақыл қызметтерге – 0,4%-ды (аймақ бойынша – 0,2%) құрады.

Жылдық инфляция 6,8% (аймақ бойынша – 6,6%). Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 10,4%-ға (аймақ бойынша – 10,7%), азық-түлік емес тауарларға – 5,5%-ға (аймақ бойынша – 5,2%) және ақыл қызметтерге – 3,3%-ға (аймақ бойынша – 2,4%) өсті.

Банк секторы

2021 жылдың 1 қаңтар деңгейінде Қызылорда облысы аумағында 12 екінші деңгейлі банктердің 11 филиалдары, 1 «Қазпошта» АҚ филиалы, 2 уәкілетті ұйым, 9 микроқаржы ұйымдары, 8 несие серіктестігі, 5 ломбард, 1 коллекторлық агенттігі қызмет атқарды.

Айырбас пункттердің жалпы саны 58, оның 42-і екінші деңгейдегі банк филиалдарының айырбас пункттері, 14 – «Қазпошта» АҚ айырбас пункттері және 2 уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері.

Банктегі депозиттер

2021 жылдың 1 қаңтар деңгейінде облыстағы депозиттердің жалпы мөлшері 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,2%-ға өсіп, 151,4 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 27,9 млрд. теңгені (-24,9%) құрады. Жеке тұлғалардың салымдары 12,7%-ға дейін өсіп, 123,5 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық валюталадағы депозиттер көлемі 0,7%-ға өсіп, 109,4 млрд. теңгені құраса, шетел валютасында 10,1%-ға өсіп, 42,0 млрд. теңгені құрады. Теңгедегі депозиттер үлесі 72,3%, шетел валютасындағы үлесі 27,7%.

2020 жылдың желтоқсан айында ұлттық валюталадағы депозиттердің сыйақы мөлшері 7,5% (2019 ж. желтоқсан айында 7,6%), ал шетел валютасындағы депозиттер бойынша – 1,0% (2019 ж. желтоқсан айында 1,3%) құрады.

Талап ету мен қысқа мерзімді салымдар 77,3 млрд. теңгені құрады, бұл көрсеткіш сәйкес кезеңмен салыстырғанда 13,7%-ға төмендеді. Ұзақ мерзімді депозиттер бойынша өсім 29,6%-ды құрап, 74,1 млрд. теңгеге тең болды.

Банктердің экономикаға несиесі

2021 жылдың 1 қаңтар деңгейіне банктердің экономиканы несиелеу көлемі 291,5 млрд. теңгені құрады (2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 27,6%-ға өскен).

Жеке тұлғаларға берілген несиелер көлемі 22,7%-ға артып, 227,3 млрд.теңгені құрады, заңды тұлғалардың несиелері 48,2%-ға, 64,2 млрд. теңгеге дейін өсті.

Қысқа мерзімді несиелердің көлемі сәйкес кезеңмен салыстырғанда 7,3%-ға өсіп, 18,0 млрд. теңгеге тең болды, ұзақ мерзімді несиелердің көлемі – 29,2%-ға артып, 27,5 млрд. теңгеге дейін өсті.

Кіші кәсіпкерлікке берілген несиелер бойынша нақты қарыз 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 22,6%-ға өсіп, 33,1 млрд. теңгені құрады, жалпы қарыздан үлес салмағы – 11,3%-ды құрады, ал 2020 жылы үлес салмағы – 11,8% құрады.

Тұтынушылық мақсатына берілген несиелер көлемі 168,4 млрд.теңге, жалпы қарыздан үлес салмағы – 57,8%-ды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,8%-ға өскен.

Ипотекалық несиелердің негізгі қарызы 34,9 млрд. теңге, жалпы қарыздан үлес салмағы – 12,0%-ды құрап (2019 жылдың желтоқсан айында үлес салмағы – 10,9%), өсімі 40,9%.

Несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер 9,9 млрд. теңгені немесе негізгі қарыздың 3,4%-ы. Оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешек сомасы 9,8 млрд. теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,0%-ға төмендеген.

2021 жылдың желтоқсан айында берілген несиелер бойынша орташа сыйақы мөлшері 15,3%-ды (2019 жылдың желтоқсанында – 16,3%), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несие бойынша 16,0%-ды (12,5%) құрады.

Қолма-қол шетел валютасының нарығы

2020 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында айырбастау пункттері 115,8 млн. АҚШ долларын сатып, 58,9 млн. АҚШ долларын сатып алды. 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда АҚШ долларын сату бойынша белсенділіктің 15,2%-ға, АҚШ долларын сатып алу бойынша 1,7%-ға төмендегені байқалды.

АҚШ долларын сатудың/сатып алудың орташа бағамы 2020 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында АҚШ доллары үшін 419,86/412,60 теңгені құрады (2019 жылғы ұқсас кезеңде – 384,40/381,74 теңге).

2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда еуроны сату көлемі 17,9%-ға (6,5 млн. еуроға дейін) төмендеп, ал сатып алу көлемі 5,1%-ға (2,1 млн. еуроға дейін) өсті. Еуроны сатудың/сатып алудың орташа бағамы еуро үшін 478,27/472,21 теңгені құрады (2019 жылғы ұқсас кезеңінде – 430,76/426,89 теңге).

Ресей рублін сату бойынша операциялар көлемі 15,1% - ға (584,7 млн. рубльге дейін), сатып алу көлемі 40,6% - ға (1210,9 млн. рубльге дейін) азайды. Рубльдің сату / сатып алудың орташа бағамы 5,78/5,62 теңгені құрады (2019 жылдың ұқсас кезеңінде – 5,99/5,86 теңге).

Қытай юаньдарын сату көлемі 90,4% – ға (24,4 мың юань дейін), сатып алу көлемі 60,2%-ға (80,2 мың юань дейін) азайды. Юань сату/сатып алудың орташа бағамы 58,95/50,61 теңгені құрады (2019 жылдың ұқсас кезеңінде – 57,27/52,90 теңге).

Төлем карточкалары

2021 жылдың 1 қаңтар деңгейіне Қызылорда облысында төлем карточкаларын ұстаушылар саны 1 301 мың адамды құрап, ал айналымға шығарылған төлем карточкалары 1,5 есе өсіп, саны 1 624,0 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету инфрақұрылымы жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны 12 238,0 бірлік, банкоматтар 493,0 бірлік, банктік киоскілер/төлем терминалдары 7 123,0. Төлем жүргізу үшін карточкамен қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 10 729,0 артты.

2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары бойынша төлем карточкаларын қолдана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 756,5 млрд. теңге сомасына 67 759,3 мың транзакциясы құрады. Қызылорда облысы аумағында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген қолма-қол ақша беру операциялары 11 322,8 мыңға жетіп, жалпы сомасы 541,7 млрд. теңгені құрады.

Толық мәліметтерді төмендегі телефондар бойынша алуға болады: +7(724) 255 15 22, +7(724) 255 15 23, e-mail: kuz_80@nationalbank.kz

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстары министрілігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшылығының және Әдеп жөніндегі уәкілдің азаматтарды қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау уақыты
Нұрымбетов Сейіпбек Серғазыұлы	Инспекция басшысы	(87242)23 56 07, 8705 961 97 00	Әр аптаның сейсенбі күні 10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰
Нұрсейтов Жұмахан Батырбайұлы	Инспекция басшысының орынбасары	(87242)23 56 07, 87058241958	Әр аптаның бейсенбі күні 10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰
Қазтоғанов Зейнулла Молдағалиұлы	Әдеп жөніндегі уәкіл	(87242)23 56 70, 87052461888	Әр аптаның жұма күні 09 ⁰⁰ -11 ⁰⁰

Мемлекеттік органның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Амангелді көшесі 107, Сенім телефоны: (87242) 23 56 07. Электронды пошта: kvg-aral@ecogeo.gov.kz

Хабарландыру

«Жалағаш» өзара сақтандыру қоғамы» тұтыну кооперативі құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысын 2021 жылдың 12 наурыз күні сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Т. Қыста



Бүгінде шағын кәсіпке бет бұрған қыз-келіншектер қатары артып келеді. Сан саланы игеріп, бейімделген олар от басы, ошақ қасынан алыстамай шаруаның көзін тапқан. Табысын еселеп, өзгені де тұрақты жұмыспен қамтуда. Солардың бірі – қала тұрғыны Қарлығаш Матығұлова.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Көпбалалы кәсіпкер



Суретті түсірген Нұрболан ПИРЖАУЫЛ

Ол «Дәмді» полуфабрикат желісін ашқан. Үй өнімдері сұранысқа ие болғандықтан, ісі жандануда. Өнімдері қаладан өзге аудан орталықтарына да тасымалданады.

– Қазір екі қолға бір күрек таба алмай жүргендер көп. Таппанбай ісі болмас. Тәуекелге бел будым. Негізгі мамандығым – тарихшы. Мектепте біраз жыл жұмыс істедім. Тұрмысқа шыққаннан кейін бала күтіміне байланысты үйде отырып қалдым. Көпбалалы ана атандым. Бала көбейген сайын қажеттілігі артатыны түсінікті ғой. Қолдан тұшпара түйіп, көрші-қолаңға өткіздім. Тамакты дәмді дайындайтын едім. Сұраныс арта бастады. Қосымша бір адамды жұмысқа алдым. Тұтынушының талабына сай үй өнімдерінің санын еселей түстім, – дейді ол.

Қарлығаштың шаруасы берекелі бола бастағанда жолдасы мен анасы да қолдау білдірді. Есік алдындағы гаражды шағын дүкенге айналдырды. Ішін жабдықтап, құрал-саймандарын түгендеді. Кәсіпкер болуға түбегейлі бекініп, «Бастау-Бизнес» жобасы аясында білімін жетілдірді. Сертификат иемденді. Жобасы қолдау тауып, қайтарымсыз 550 мың теңге грант жеңіп алды. Қаражатына 4 тоңазытқыш алып, тапсырыс аясын кеңейтті.

Қазір шағын цех үздіксіз жұмыс істейді. Қолдан бөрек, котлет, манты, тефтели, тұшпара сынды үй тағамының 15 түрін жасайды. Күніне әр өнімді 10 келіден дайындайды. Етті мал бордақылайтын кәсіпкер жеткізіп береді. 28 жастағы келіншек 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Аспаздар үшін де барлық жағдай жасалған. Айлығы да уақытылы төленеді.

– Бүгінде ақпараттың, техниканың дамыған заманы. Бұл – кәсіп бастағандарға да үлкен көмек. Мәселен, өнімді саудалау үшін әлеуметтік желінің тиімділігі зор. Осы мақсатта SMM, маркетинг мамандығын қосымша оқыдым. Желі арқылы да тапсырыс көп қабылданады. «Instagram» парақшамда 57 мыңнан аса оқырман бар. Аудандардан да жиі тапсырыс түседі, – дейді ол.

Үйде дайындалған өнім болғандықтан, бағасы да көңілге қонымды. Мәселен, тұшпара, манты, котлет, тефтели 1900 теңге болса, бөрек 1000, самса 1800, таба нан 150 теңгеден саудаланады. Сонымен қатар Қарлығаш есік алдындағы бау-бақша өнімін де пайдаға асырып отыр. Көкөніс пен жеміс-жидектен компот, салаттар мен тосап жасап, дүкен сөресіне қойған. Табиғи өнім, дәрумені мол, құнарлы болғандықтан өтімді. Кәсібін одан әрі дамыту үшін бірнеше жоспар құрыпты. Қаладан үлкен дүкен ашуды көздейді. Аудан орталықтарынан да сәу-ауа желісін ашып, кәсіпті ұйренуге ниетті қыз-келіншектерге білген-түйгенін үйретуге дайын.

– Шүкір, адал еңбектің арқасында кәсібім дамуда. Айына шығыннан бөлек 1 млн теңге табыс табамын. Енді мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған жобаларға қатысып, жеңілдетілген несие алсам деймін. Ең бастысы – мемлекет іс бастаймын деген жандардың қолын қағып жатқан жоқ. Қайта демеп, қолдауда. Соның арқасында қаншама адам кәсіпкер атанып, шағын бизнесін дамытуда. Тек ұсынған қаражатты мақсатты жұмсай білу керек, – дейді ол.

ТЕҢІЗБЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАУ

Оларға егер тіл бітсе...

Музейден көргенімиздей, балықшы мен балыққа қатысты біз білмейтін деректерге сүрініп жығыласыз. Бәрі де ұрпаққа керек аманат дүние. Егер ғайыптан әрқайсысына тіл бітсе, біраз сыр мен мұңды төгер ме еді?!

Иә, теңіз толқынында жүзіп, еңбегімен ер атанғандардың суреті көп мұнда. Сондай-ақ балықшылар мінген арба, ау-құралдары, қабдан мен қайық құралдарын байқайсыз. Кемеңің, техникалық құралдары да жеткілікті. Тіпті, біз бірсыпырасын сұрап та алдық.

Қызыққан экспонаттың бірі мектепте сыңғырлай қағылатын қоңырау сияқты. Тек тұрқы үлкен демесек, айнымаған сол. Мұны кеме қоңырауы деп атасақ та болатын шығар. Жоқ, олай емес екен. Әлгінің «рында» деген өз атауы барын Айбек аға түсіндіріп айтқан. Бұның қызметі не? Тыңдап музейдің ғылыми қызметкеріне сұрақты жаудырғанбыз. Есіткенімізді енді осында түсірсек.

Рынданың қызметі сіз бен біз ойлағандай, кемеңіз сигналы ғана емес. Бұл кәдімгі ұшақтардағы «қара жәшіктің» де қызметін атқарған. Мысалы, Аралдан шыққан кеме Мойнаққа бет алды дейік. Мойнағың қазіргі Өзбекстан тұста. Дұрысы, Қарақалпақстан. Енді қараныз. Кеме жолға шығарда осы рындаға нөмер салып, арнайы құжат дайындаған. Құжатқа кемеде неше адам, капитаны кім, не мақсатпен шықты, қандай зат бары түгел түсіріледі. Қағаз құжат кеме шыққан аймақтағы кеңседе сақталады.

Ал алда-жалда кеме дауылға кез болып, апатқа ұшыраса, рынданы бірінші іздеме керек. Сондағы нөмір арқылы кемеде кім бар, кім жоғын түгендеп, аты-жөнін айғақтап отырған.

Расы сол, тіпті кеме суға батып, белгісіз кетсе де, Құдай айлап, 20-30 жылдан соң рында табылуы мүмкін ғой. Нөміріне қарап, «жарықтық» осында пәлен деген аталарымыз болыпты-ау» деп құжатты ақтарған кейінгі ұрпағы бас шайқайтыны анық.

Айтпақшы, кеме келе жатқанда осы рындамен сигнал береді дедік. Оның да түрлі-түрлісі болған деседі. Біз білмейтін нәрсе көп екен мұнда. Қараңызшы енді. Қайғылы сапар болса, кемедегілер басқа әуенге салып, жағадағыларға белгі берген. Ал балық мол болып, олжалы қайтса, кемедегілер қуанышты хабарды білдіретін рында-қоңырау қағыпты.

Қызық жері бар. Балықшылардың жұбайлары рында дауысын ажырата білген. Мысалы, портқа бір кеме таянғанда осы



дүниені қағып, дыбыс берсе, қай кеме екенін үйінде отырып таныған көрінеді. «Мына кемеді сенің ағаң жоқ» немесе «дй, мынау әкен мінген кеме ғой, оралыпты, шай қоялық» деп балаларын тәртіпке келтірген аналардың қасиетінен айналасың кейде...

Музейде бізді назар аударған екінші бір дүние бар. Ол – темір аяқ киім. Тағы да ғылыми қызметкердің бетіне қарадық. Сұраулы жүзімізге Айбек аға жауап беріп үлгеруде.

– Бұны теңіз кемелерін жөндейтін механик-шеберлер киген, – деп бастай берді әңгімесін Айбек аға.

– Мынауыңызды тарсылдатып қалай киген, өзі ал-ауыр екен, – дедім менде аса танданыспен.

– Иә, бір сыңарының өзі 7 келі. Екеуі 14 келі тартады. Салмақты бұдан да көбейтіп киетін болған. Оның басты себебі мынада еді...

Айбек ағамның айтуынша, темірдің де тозатыны белгілі. Суды жүзіп келе жатқан кемеңіз бір жартақса соғып, асты қақырай сөгілуі мүмкін. Тесілген кемеңіз жөндеу үшін арнайы киім киген механиктер су астына түсетін болған. Суға түскенде осы темір аяқ киім қоса килген. Себебі су астына түскенде салмақты ұстап, адамның су бетіне шығып кетпеуі үшін ауыр темір керек екені белгілі.

Кейде кемеңіз жылдамдығын арттыратын ең астындағы үш не төрт қалақшалы вентиляторына ау оралып жатады. Мұндайда дереу кеме механиктері киімін киіп, әлгі суреттегі темір байпақты аяғына суға салуды ұмытпайды. Солай. Су астында жүріп, кемесін жөндей беретін біздің аталардың жүрегі мықты еді.

Расы сол, музей қызметкерлері көп затты ұқыпты ұстап отырғанына риза көңілмен қарайсың. Арнайы ыдысқа салынған балық түрлері, ау тоқуға арналған «инелік» деп аталатын құрал, жай арқан мен қарамай арқанға (қыста су тигенде қағып қалмау үшін әбден май сіңдірген арқан) дейін осында тұр. Шам түрлері, теңізші киімі, қабдан мен мардан, теңіз құстары, кеме штурвалы мен компасы да бар. Қайық пен ескек, сүймен мен сүзгіш, тіпті сол заманғы балықшылардың айнымас серігі болған түйенің де макеті жасалып қойылған.

Музейде кемеңіз маяк шамы да көзге түседі. Сенсеңіз, осы маяқтың құрметіне Арал қаласына клуб салынып, атын да солай атаған. Осы маякқа арнайы орын белгілеп, екі жыл бұрын стелла да тұрғызылды. Қазір сол маяк шамы түнде қараңғылықты тіліп, Арал көшесінде әсемдік беріп тұр. Ал енді «Синер» деп аталған кемеңіз макетін көргенде, өте қызық дерек естідік.

Арал қаласынан бұрын балық етінен консерві дайындаған. Бірақ, оның қайда дайындалып, қандай цехта шығарылғаны жайлы ешкім біле бермейді. Мына «Синер» деп аталатын кеме ішінде осы тамақ өнімін дайындағанға ұқсайды. Иә, кәдімгі кеме ішінде шағын цех болған. Кеме теңізде балық аулап, сонда бұзып, аршып, дайын өнімді қала сыртындағы портқа жеткізіп отырыпты. Ал енді бұны жалғыз бір «Синердің» атқармағаны белгілі ғой. Мұндай кемеңіз Арал теңізінде тоғызы жүзіпті. Ал тоғызы балық консервісін дайындаса, онда көп елге теңіздің дәмі бұйырып тұрғаны да.



Кемелер қорымы Тастүбек

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАНҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста – ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, бұын аурулары ерекше қауіп төндіріп, белең ала бастайды.



Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семюіне әкеледі.

Ең әуелі бұл асқынбалы ауру екендігін үйі керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгінсеңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тінін қалпына келтіріп, қабыну процестерін жеңілдететін, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіруін табиғи парафармацевтикалық «Артрозерв» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрозерв» буындардағы қолайсыздықты және ауырсынуды жоюды, қабыну процесін басады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлаушы материал – синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің иілгіштігін және көлемін қалыпқа түсіреді. «Артрозерв» ағзаның сүйек-

бұлшықет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, бұлшықет талшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды.

Препараттың құрамына тірек-қимыл аппаратына кешенді қалпына келтіру әсерін беретін компоненттер кіреді, курсты қабылдағаннан кейін, буындардың қозғалысшылығы және адамның физикалық мүмкіндіктері қайтып оралады.

«Артрозерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданған.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық, еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекен-жайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез келген жеріне күрерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мәлішері және қолдану тәсілі: қабылдау уақыттары 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҰРУДЕ! АРТРОЗЕРВ КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



ESK, дәрілік өнім болып табылады. СІРП. № RU. 77.99.88.003.E.004174.09.18 20.09.2018 ж.

Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрозервке» тапсырыс бере аласыз 8 705 92 55 424 немесе artroreserve.kz сайты арқылы.